Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				

Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Тәтті ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні	Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі, бала үні	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні	Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі, бала үні	Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі, бала үні
Ұйқыдан ояту.	**«Ұйқымызды ашайық».**Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын жылы сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Вариативтік бөлім		**Вариативтік бөлім** **Тақырыбы:** Ойнайық,та ойлайық **Мақсаты:** Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттырады ,ынтамен дұрыс орындауға үйренеді. Тура және кері санауды одан әрі дамыту,ой-өрісін кеңейтеді. **Ресурстар:**көрнекіліктер. Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, саралау, бақылау, командамен жұмыс 1 - ші тапсырма: д/о: Қай санды жасырдым? - Алаңқайдағы үйшікке 1 саны келеді, есік қағады. - Мынадай тапсырманы		**Вариативтік бөлім** **Тақырыбы: «Ұлттық ою-өрнектер»** **Мақсаты:**Ұлттық ою-өрнектер атауымен танысып, оның мағынасы туралы түсініктерін кеңейтеді. Ою-өрнектерді табиғи заттармен байланыстыру машықтарын жетілдіреді. **ҰОҚ барысы:** **Шаттық шеңбері:** Дос болып біз	

		орындасаң ғана, үйшікке кіресің. -2-санын көтерген бала (тоқ-тоқ) -(2 саны тапсырманы орындайды). 3-санын көтерген бала ; (тоқ – тоқ), (2 саны жауап береді). 2-ші тапсырма: Д/о: Не өзгерді? - Геометриялық пішіндерді ата. - Алаңқайдағы үйшікке 3 саны келеді, есікті қағады.- Мынадай тапсырманы орындасаң, үйшікке кіресің. 3-ші тапсырма Логикалық есеп: Нешеу?.1) 5 қонжық орманға,Бара жатты қорбаңдап.Бірі олардың шаршады,Әрі қарай бармады.Қанша қонжық кетті алда? 2) Менде болды 3 алма,Бердім досыма 1 алма.Қалды сонда неше алма? 3) Тарелкада 4 алмұрт,Батыр алды біреуін.Қалды сонда неше алмұрт - Тоқ - тоқ, (3 саны жауап береді).- Алаңқайдағы үйшікке 4 саны келіп, есік қағады.- Мынадай тапсырманы орындасаң		жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша, Міне тұрмыз жараса. Балалар айтыңдаршы,біз қай елде тұрамыз?Дұрыс Қазақстанда.Әр ұлттың өз мәдениеті мен салт-дәстүрі бар.Бүгін біз ұлттық ою-өрнектермен танысамыз.Ою-өрнектің түрлері, атаулары да көп,360-қа тарта түрі бар.Үй ішінің тұрмысына қажетті заттарды,ұлттық киімдерді,бұйымдарды әшекейлеу үшін қолданған.Мысалы;Қошқар мүйіз,Сынық мүйіз,Иткұйрық,Ботакөз,Таңдай,Қос дөңгелек деген түрлері бар. **Сергіту сәті:**	

		үйшікке кіресің. 4-тапсырма: логикалық карточкалармен жұмыс - Алаңқайдағы үйшікке 5 саны келіп, есік қағады. - Тоқ - тоқ, (4саны жауап береді). - Мынандай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің. 5-ші-тапсырма: Танграмойыны Жануарларды құрастыр? Егер жұмбақтың жауабын тапсақ, қандай жануарларды құрастыратындарыңды білетін боласыңдар. Жұмбақтар 1)Халық қу деп, Қылған күлкі Айласы көп. Бұл не? 2)Қалқиып қос құлағы, Еленděп қорқып тұрады. -шартты қабылдайды, -талпынады, -ойланады, -жауап береді. Қорытынды.Сыни ойлау, бала үні.		Бас бармағым бассам егер, «Ботакөз» боп шығады. Алақанды ашсам егер, «Бестаңба» боп шығады. Егер жұмсам алақанды, «Тарақ» оюы шығады Оюларды білетін, Біз ақылды баламыз. **Дид.ойын:** **«**Кесенің оюын тап.» Шарты:балалар берілген ою-өрнегі бар кеселерге және түсіне ұқсас ою-өрнекті табады.	

Ойындар, дербес әрекет	**Құрлымдалған «Дәрігер» сюжетті-рөлді ойыны** **Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөліне білу және аяқталған-нан кейін қайтадан бір ұжымға бірігуді біледі. 4К моделі, бала үні	**Құрлымдалған «Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойын** **Мақсаты:** сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді ойнай алады. 4К моделі, бала үні	**Педагог жетекшілігімен ойын.** **«**Дәл осындай пішінді тап» **Ойынның мақсаты :** геомет риялық пішіндер жайлы біл імдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыс тыруға жаттықтырады. 4К моделі , бала үні.	**Құрлымдалған «Пошта» сюжетті-рөлді ойын** **Мақсаты:** Ойын кезінде балалар ауыспалы заттарды қолдануды өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ете алады. 4К моделі, бала үні	**Құрылымдалған ойын.** «Құстар біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға құс тар туралы білім беру,біл імдерін жетілдіре түседі. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулиды. 4К моделі , бала үні
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты)	Ана тіліндегі барлық дыбыстарды айтуға, негізгі ойын дұрыс жеткізуге үйрету. Мадина,Арсен,Илхам	Спорттық ойын элемент терін және жаттығуларын меңгерту. Мүслима, Жанел ,Хамза	Сюжетті суреттерді салуды үйрету, Райлана,Азамат, Надир	Бірдей заттарды салыстыруды біледіАйбар,Қолға нат	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады. Фатима,Хамза,Арсен.
Балалардың серуенге дайындығы. Серуенге шығу.					
Серуен.	**Серуен №1**	**Серуен №2**	**Серуен №3**	**Серуен №4**	**Серуен №5**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелеседі	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелеседі	«Бала денсаулығының маңыздылығы» ата-аналарға арналған кеңестер	Балабақшадағы ас мәзірі	«Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру.
«Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы.					

ЖШС **"Жансултан и К" "Бағдаршам"** балабақшасы
«Балдырған» ересек тобы

11 .10- 15.10.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:				
Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б)	**«Сиқырлы қарындаш»** Мақсаты:Балаларды бояғыштарды дұрыс бояуға үйрету.Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	**Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».** «Шалқан» Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету.	**Суретті лото** Мақсаты:Балаларды ойнауға үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	**«Құыршақтарға үй құрастырамыз»** Мақсаты:Балалардың жан-жақты болуға үйрету.Баланың байқампаздығы мен тілін дамыту.Еңбекке тәрбиелеу.	**«Суреттегі домино»** Мақсаты:Балаларды суретерге қарап домино құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі гимнастика 5мин	**Жаттығулар кешені : қазан айы II-апта** **I.Ұйымдастыру бөлімі** Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Жұпқа тұру және жұптасып жүру. Қатарға тұру. **II. Жалпы дамыту жаттығулар** 1. «Сағат жүргіз» Қолдарын бүгіп кеудесінің алдында айналдыру, б.қ. келу (5 рет). 2. «Маятник тербеледі» Оңға(солға) қисайып «тик-так»-деп айту,б.қ. келу (6 рет) 3. «Сағат сынып қалды» Отырып қолдарымен тізелерін соғу,тұру (5 рет) 4. «Сағат жүріп тұр» Қолдарын алға-артқа тербелту б.қ. келу (5 рет) **III.Қорытынды бөлім** Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Саппен жүру.				
Таңғы ас	Ойын-жаттығуы: Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз. Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз.				

Ойындар. (ҰОҚ) дайындық.	**Дид.ойын: «Ыдыстар»** Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру.Ыдыстарды атауға, неден жасалғаны туралы, пайдасы,не үшін керек екені туралы айта білуге үйрету. Ыдыстарды таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	**Дид.ойын**:**«Үй құстарын ата»** Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Үй құстарына деген қамқорлық сезімін ояту. Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.	**Дид.ойын: «Тәулік бөліктерін ата»** Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту,тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	**Дидактикалық ойын: «Тура,кері сана»** Мақсаты: Сандарды ретімен,кері санауға үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.	**Дид.ойын: «Мамандықтарды ата»** Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
	1.Білім беру саласы: Әлеумет **Білім беру саласы бөлімі:** Қоршаған ортамен таныстыру **Тақырыбы:** «Менің отбасым» **Мақсаты**: Баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. **ҰОҚ барысы:**	**1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласының бөлімі:** Жаратылыстану **Тақырыбы:** «Ағаштар мен бұталар» **Мақсаты:** Табиғаттың жанды нысандары туралы түсініктерін жүйелеу. Балабақша аумағындағы және жақын маңайдағы өсімдіктерді (ағаштар мен бұталар) ажырату және атай білу	**1.Білім беру саласы:** Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Көркем әдебиет. **Тақырыбы**: **«**Жапырақтар» (өлең) Тұрманбай Молдағалиев **Мақсаты:** Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып,табиғат әсемдігін көре білуге, әңгімелеуге баулу. **ҰОҚ барысы:**	**1.Білім беру саласы**: Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы:** **«**Көжекпен ойналық» (Дидактикалық ойын) **Мақсаты:** Жануарлардың тіршілігі жайлы мәлімет бере отырып, ауызша сөйлеулерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру. Ойлау қабілеттерін	**1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері **Тақырыбы**: 1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш. **Мақсаты:** 1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру.

	Шаттық шеңбері: Орнымыздан тұрайық, Амандасып алайық. Қайырлы таң Алтын Күн! Қайырлы таң, Көк аспан! Қайырлы таң, Жер ана! Қайырлы таң, Табиғат! Қайырлы таң, Достарым! **Ұйымдастыру кезеңі.** Үнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдатылады. - Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? - Иә, балалар, сендерге жылы сөздерді аталарың, аналарың әке, әжелерің айтады екен. - Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? -Бүгін біз «отбасы» туралы әңгіме қозғаймыз. **2. Негізгі бөлім** Балаларға отбасы мүшелеріне байланысты сұрақтар қою. - Балалар, отбасы дегеніміз не? Отбасына кімдер жатады? -Мен сендерге «Нешеуміз?» деген санамақты айтып	дағдыларын дамыту. Өсімдіктер әлеміне қызығушылығын тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Шаттық шеңбері:** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Тәрбиеші жұмбақ жасыру арқылы оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастырады. **Жұмбақ шешу** Күн жылынса киінді, Суытса шешті киімді. (Ағаш) **Дид ойын:** «Ағаштарды ата» Өзекті сұрақ: Қайсысы ағаш, қайсысы бұта? Олардың ұқсастығы мен ерекшелігі неде? Тәрбиеші қорытынды жасайды: ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді. Ағаштардың діңі болады. Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады. Олардың	**Жылулық шеңбері:** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **Кіріспе әңгіме** -Балалар,жылдың неше мезгілі бар? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер? -Күз мезгілінде қандай құбылыстар,өзгерістер болады? **Жұмбақ жасыру:** Қызыл,сары немелер Су бетінде қалқиды. Соқса егер салқын жел, Ырғалады,толқиды. **Шешуі:** жапырақ. -Ендеше,бүгінгі оқу қызметімізде Тұманбай Молдағалиевтің «Жапырақтар» деген өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқу. **Жапырақтар** Қыстың жақын қалғанын Жапырақтар білгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей. Жапырақтар жамырап, Сайға барып бекінді. Анасынан ажырап Қалған бала секілді.	дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Шаттық шеңбері** Достарды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз. Біздің топта ұл-қыздар Тату-тәтті ойнаймыз. Қонаққа қоян келеді. Сұрақ-жауап: – Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян). Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату. Қо-қо-қо – қоян. Құ-құ-құ – құлақ. Қа-қа-қа – қалам. Қы-қы-қы – қылыш. Қу-қу-қу – қулық. («Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырату).	Міндеттері: балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту; цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға, заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету; үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету; үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру; «жылдам», «баяу» түсініктерін айыра білуге үйрету; көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту; тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу. **Ұйымдастыру кезеңі.** **Шаттық шеңбері** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады,

	берейін. **Сергіту сәті:** Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Басбармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Яғни, балалар, отбасына әкең, анаң, ата, әжең, іні-қарындастарың, әпке-сіңілілірің жатады екен. **Отбасы** – туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Отбасы мүшелеріне сендер де жатасыңдар. Қолғанат, айта қойшы, сенің үйіңде кімдер тұрады? Тәрбиеші балаларға сұрақтарды қояды?Балалар жауабын айтады. - Балалар, көрдіңдер Илхам мен Азаматтың отбасында Айғанымның отбасына қарағанда көп адамдар тұрады екен. Демек отбасы мүшелері аз болса да көп болса да олар отбасы бола алады. Балалар, мына суретте не бейнеленген? (Үйдің	бірнеше жіңішке сабақтары болады. Діңі болмайды. Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер. Олардың сабақтары жіңішке. Олар ұзақ өмір сүрмейді. **Дид ойын:** «Оның ... бар, бұл не?»: нысанның бөліктерін атайды. Т: Оның тамыры бар, бұл не? Б: Шөп, ағаш, гүл, бұта. Тәрбиешінің хабарламасы: Ағаштар – көптеген жануарлар үшін тұрақ, пана. Ағаштан жиһаз, қағаз, ағаш ойыншықтар, ыдыс, музыка аспаптарын жасайды. Ағаштар біз тыныс алатын ауаны зиянды заттардан тазартады, олар сонысымен пайдалы. Бұтақтарды сындырып, жапырақтарды жұлуға болмайды. Ағаштарды қорғап, жаңасын егу қажет. **Сергіту сәті:**	**Сұрақ-жауап** арқылы әңгімелесу: -Өлеңде не туралы айтылған? -Жапырақтар жылдың қай мезгілінде сарғайып,жерге түседі? -Күз мезгілінің неше айы бар? -Күз айларын атаңдар... **Дид ойын:** «Ненің жапырағы» Мақсаты:қай ағаштың жапырағы екенін ажырату. Қорытындылау. Мақтау,мадақтау. **2. Білім беру саласы:** Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Мүсіндеу. **Тақырыбы:** «Кірпілер» **Мақсаты:** Кірпілердің ерекшеліктерін ескере отырып, мүсіндеуге үйрету. Міндеттері: кірпілер туралы мағлұмат беру; ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалақтау арқылы кірпіні мүсіндеуді үйрету; есте сақтау мен сөйлеу	**Қоянға сипаттама беру:** -Қоянның түсі қандай? - Қоянның түсі сұр. -Оның жүні қандай? - Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек. -Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? -Неше құлағы бар? -Қоянның құлағы ұзын. Оның екі құлағы бар және оның екі көзі, тұмсығы, аузы, мұрттары, төрт аяғы, кішкентай құйрығы бар. Тәрбиеші сөзін қайталау арқылы, «қ» дыбысын анық айтуға тырысу. **Сергіту жаттығуы:** «Сұр қоян». Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің.	Күліп өмір сүрейік! **1. Ұйымдастыру кезеңі.** Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Таңғажайып кірпішті, Бір-біріне қаладым. Ұнамаса құлатып, Қайта-қайта қаладым. (Текшелер) Кезікті кербез сұлу, Бір жануар. Үстінде Екі тауы бар. (Түйе) 1-тапсырма. Тәрбиеші: «Неше текше, неше түйе, неше доп бар?» – деп сұрайды. 1 цифры бір затты білдіретінін түсіндіреді. Балаларға 1 цифрын бояуды ұсынады**.** 2-тапсырма. Тәрбиеші сол жақта тек 1 цифры жазылғанын көрсетеді. Балаларға 1 цифрына сәйкес заттарды бояу туралы тапсырма беріледі. –Неше шәйнекті боядыңдар (бір), неше тақия (бір), неше Күнді (бір) боядыңдар?

	суретін көрсету). – Бұл үйде кімдер тұратынын білгілерің келе ме? – Егер сендер сұраққа дұрыс жауап берсеңдер, бұл үйде тұратын адамдар сыртқа шығады екен. Онда сұрақты тыңдаңдар. Отбасында ең үлкен адамдар кімдер? (Ата, әже, әке, ана). – Ата мен әжеге қандай жылы сөздер айтуға болады? (Әжетайым менің, ақ әжем). – Аталарың мен әжелерің сендерді қалай еркелетеді? (Ата мен әженің суретін немесе қуыршақты үйдің ішінен шығарып қою). – Ата мен әжеден кейінгі үлкен адамдар кімдер? (Әке, ана). – Ол кісілерге қандай жылы сөз айтасыңдар? (Анашым, әкешім, маматайым, әкетайым). – Әкелер үйде қандай іспен шұғылданады? (Отын бұтайды, ауланы тазартады, азық-түлік әкеледі). – Аналар үйде қандай іспен айналысады? (Тамақ пісіреді, кір	Ағаштар, міне, Мұнында үні – ш-ш-ш. Кейде жұмсақ, кейде шу, шу (2 рет) Кейде дауыл – гу де гу. Ал, балалар, тұрайық. Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды созайық. Беліміздіжазайық. Оңға-оңға, түзу тұр, Солға-солға, түзу тұр, Жоғары-төмен қарайық, Қолымызды созайық, Бойымызға күш жинап, Бір шынығып алайық. Шеберханаға барып балалар түрлі-түсті қарындаштар мен күз мегілінің ағаштарын серетін салады. Қорытындылау.Мадақтау. **2.Білім беру саласы:** Қатынас. **Білім беру саласының бөлімі:** Орыс тілі. **Тақырыбы:** Части тела.Культурно-гигиенические навыки. **Мақсаты:** Продолжать учить выполнять действия по словесной инструкции,учить	тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** Шаттық шеңбері: Тәрбиеші балаларға бір-бірімен қол ұстасып тұруды ұсынады. Армысың, алтын Күн! Армысың, асыл жер! Армысың, көк аспан! Армысың, жан досым! Тәрбиеші балалардан: «Бір-біріңнің қолдарыңның жылуын сезіндіңдер ме?» – деп сұрайды. Тәрбиеші кірпілердің суреттерін көрсетіп, «Кірпінің тіршілігі» кірпінің басқа орман жануарларынан қандай ерекшеліктері барын және ол немен қоректенетіні туралы әңгімелеседі. **Сергіту сәті:** Қолды алға созамыз, Қолды артқа созамыз. Саусақтарды ойнатып, Бір тыныңып аламыз. Үлестірмелі материалға назарларын аударады. Тәрбиеші кірпіні жасау	(Т. Бердияров) – Балалар, көжек деген не? (Қоянның баласы) (К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату. Кө-кө-кө-көжек. Кө-кө-кө-көже. Кө-кө-кө-көкек. Кө-кө-кө-көрпе. Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады. («К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүп-сүйкімді болады). **Дидактикалық ойын:**«Көжекпен ойналық» **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету.	**Сергіту сәті.** Кәне, қанат жазайық, Қарлығашқа ұқсайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық, Білімде алда болайық. Тәрбиеші өз қалауынша ұйымдастырады. 3-тапсырма. Арыстан мен тасбақа: «Пальмаға кім бірінші жетеді?» – деп бәстеседі. – Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін? –Неге арыстан бірінші жетеді деп ойлайсыңдар? Тәрбиеші «жылдам – баяу» түсініктерін сөздік қорларына енгізу жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиеші балаларға пальмаға бірінші жеткен аңды бояуға тапсырма береді. 4-тапсырма. Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Үш бұрышы, Үш қабырғасы бар Бұл қандай пішін? Үшбұрышты жан-жақты қарап зерттеу.

	жуады). (Әкесі мен анасының суретін немесе қуыршақты сыртқа шығару). – Мынау кімнің бөлмесі деп ойлайсыңдар? (Қыз баланың бөлмесі). – Ол үйінде қандай іспен айналысады екен? (Ыдыс жуады, үй тазалайды). – Ал мына бөлмеде кім тұрады екен? (Ұл бала тұрады). – Оның отбасындағы міндеттері қандай? (Дүкенге барады, әкесіне көмектеседі (сыртқа суретті немесе қуыршақты шығару). – Міне, балалар, көрдіңдер ме отбасында тұратын адамдардың әрқайсысының өзінің жұмысы, міндеті бар екен. – Қалай ойлайсыңдар отбасы, отбасындағы балалар қандай болу керек? (Тату, дос, бір-бірін сыйлайтын). – Міне, балалар, қараңдаршы бізде үлкен отбасы пайда болды. Балаларға отбасы бейнеленген суреттерді қарастырып, өздерінің	выполнять действия по словесной инструкции,учить детей отвечать на вопросы полным предложением и использовать в речи придаточные предложения,обогащать словарный запас словами.Закрепить умение называть членов семьи на русском языке. **ҰОҚ барысы:** **Приветствие: «Друг»** Собрались все дети в круг, Я-твой друг и ты-мой друг. Вместе за руки возьмемся И друг другу улыбнемся! Психогимнастика «Моя семья». а)рассматривание иллюстрации части тела. б)беседа о правилах гигиены. **Физминутка.** Головами покиваем, Носиками помотаем, Потом глазки закрываем, Теперь глазки открываем. Щечки сильно раздуваем, Ротики мы открываем И зубами постучим,	техникасын естеріне түсіруін сұрайды. – Біз алдыңғы оқу қызметінде кірпі жасап үйренгенбіз. Бүгін әртүрлі көлемдегі (үлкен, орташа, кіші) кірпілерді жасап, оларды бір топқа біріктіреміз. Кірпінің тікенектерін әртүрлі материалдардан жасаймыз. Жұмысты екі топқа бөлініп жасаймыз. Тәрбиеші көмек қажет болған балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытындылау.Мадақтау. **3.Білім беру саласы:**Денсаулық **Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Ерекше шар»**(таза ауада)** **Мақсаты: :** доптарды бір-біріне домалату, арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. «Отырып» бір-біріне допты домалату	**Ойын шарты:** Сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады, Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет. – Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады? **Мақалдың мағынасын түсіндіру.** Мал жуасы – қой, Аң жуасы – қоян. (Жуас, момын, ешкімге зияны жоқ). Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату. Әдістің қолданылуы: • бірінші жоғары дауыспен; • екінші ортаңғы дауыспен; • үшінші төмен дауыспен қайталанылады. **Қорытынды кезең** Дыбыстарды анық айтуға ұсыныс білдіру, қорытындылап	– Кәне, үшбұрыштың қанша төбесі, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік. – Үшбұрыштың қандай қабырғалары ұқсас? Балаларға мынадай сұрақ қояды: – Суреттердің арасынан неше үшбұрышты таптыңдар? – Үшбұрыштардың өлшемі қандай? – Үшбұрыштардың ең үлкенін қызыл қарындашпен, одан кішілеуін көкпен, ал ең кішкентайын жасыл түспен бояңдар. Өзін-өзі бақылау және өзі атқарған жұмысқа баға беру. Тәрбиеші: – Тасбақа тез жүреме, арыстан ба? Тәрбиеші балаларды мадақтайды. **2.Білім беру саласы**: Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Сурет салу **Тақырыбы: «** Алтын

	отбасы мүшелерінің әрекеттері мен өзара қарым-қатынастары, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы, отбасындағы сүйікті адамдары туралы айтып беру тапсырылады. **Ойын:** Кім екенін тап? Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады. Мысалы: Анасы кір жуып жатыр. Әкесі отын жарып жатыр. Әжесі шұлық тоқып отыр. Атасы шеге қағып жатыр. Қызы гүлге су құйып жатыр. Қорытындылау.Мадақтау **2.Білім беру саласы**:Денсаулық **Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Әдемі болайық» **Мақсаты:** Стандартты емес	И немножко помолчим. **Дид игра:** «Назови правильно»(«Семья», «Предметы гигиены»)-дети правильно называют изображения на картинках. Какие «чистые слова» научились говорить на занятии? Воспитатель задавая вопросы делает анализ.	(қашықтық – 2 метр). Міндеттері: сапты бұзбай жүгіру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, доптың қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту. Денешынықтыру сабақтарына қызығушылығын ояту; дербестік пен жинақылыққа үйрету. **ҰОҚ барысы:** **І. Ұйымдастыру кезеңі.** Балалардың назарын шеңбер пішінінде тасталған жіпке аударады. Бұрынғы сабақтарда жіпті пайдаланып орындаған жаттығуларды, жіпті пайдалану жолдарын еске түсіруді сұрайды. **ІІ. Негізгі кезең.** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге	мадақтау. **2.Білім беру саласы:**Денсаулық **Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Организмді шынықтырамыз» **(таза ауада)** **Мақсаты:** самокат тебу және секіру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: тыныс алу мен дем шығару актілерін реттеуді үйрету. Сапта жүрген кезде бағытты өзгерту қабілетін жетілдіру. Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. Еденнен бір уақытта	күз» **Мақсаты:** Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу.Күзгі ағашты,оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету.Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін,яғни жоғары жағы жіңішке,төмен жағы жуан болатынын айту.Саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану.Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Шаттық шеңбері:** Шеңбер болып тұрайық. Алақанды ашайық. Күннен жылу алайық, Жүрекке жылу салайық. Жиналған жылы шуақты, Бір бірімізге сыйлайық. Тәрбиеші күз мезгілі туралы тақпақ оқып,осы тақырыпта әңгімелеседі. **«**Алтын **күз»** (Ғ.Қайырбеков)

	жабдықты пайдалану арқылы бой түзулігінің бұзылуының профилактикасын өткізу. Міндеттері: шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. Спортпен айналысуға, сұлу да шымыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **ҰОҚ барысы:** **І. Ұйымдастыру кезеңі.** **Ойын:** «Не жасырылғанын тап!». **ІІ. Негізгі кезең.** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау, арақашықтықты сақтау. Негізгі іс-қимылдарды		кір». Музыканың ырғағымен өкшені жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, денесін тік ұстайды. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу. Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Балаларды шеңбер бойына тарату. **Негізгі іс-қимылдарды орындайды**: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру	қос аяқпен екпінмен секіру қабілетін нығайту. Педагогтің түсіндіргендерін мұқият тыңдау, көрсеткендерін бақылау қабілетін қалыптастыру, жинақылыққа, зейінді болуға үйрету. Өз организмін күтуге үйрету. **ҰОҚ барысы:** **І. Ұйымдастыру кезеңі.** **Дидактикалық ойын:** «Атауын ата және көрсет»: беттегі ауыз, мұрын, құлақ, көз сынды мүшелерді атап беруге шақырады. Ойын соңында денсаулықты күту, аурудың алдын алу жөнінде жалпы түсінік береді. Әр баланың – ең әдемі, ең үздік екеніне, денсаулықты нығайту керектігіне ерекше назар аударады. **ІІ. Негізгі кезең.** Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар	Алтын,алтын,сары алтын, Алтын күзде нұр жатыр. Сары ала тон жамылған, Күз атамыз секілді, Қойны толы дәмді нан, Тәттісі көп не түрлі. Тәрбиеші балаларға күз мезгілінің белгілерін айтқызады. **Бой сергіту:** Қолды үстелге қоямыз, Саусақтарды санаймыз. 1,2,3,4,5-1,2,3,4,5 Екі қолды қос. Тәрбиеші сурет салу ретін айтады. Қорытындылау.Мадақ тау. **3.Музыка.** **Тақырыбы:**«Балалар композиторлары» **Мақсаты:**Вокалды және аспаптық музыкаға қызығушылығын арттыру.Балалар композиторлары А.Жұбанов,П.И.Чайковский өмірі мен шығармашылығы мен

	ойын түрінде орындау: Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау керек. Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа». Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. **ІІІ. Қорытынды кезең** **Қим ойын:** «Көбелектер мен құрбақалар». Ойын тәртібін түсіндіру. Белгі бойынша қимылдайды. «Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау.		қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастырады. Соқыртеке рөлін орындайтындарға арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. ҰОҚ-ны қорытындылайды, тапсырманы жақсы орындауға тырысқан, епті балаларды ынталандырады. Бұл ойын туралы үйдегі жақындарына, достарына айтып беруді ұсынады **Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоян»**	аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Жаттығулардың орындалуын көрсету. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: «Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз. **Негізгі іс-қимылдарды орындайды**: **Спорттық жаттығулар – самокат тебу.** Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғанауды ұсынады. Жердің бетінен бір аяқтарымен екіпінді түрде итерілу, сырғанаған кезде тепе-теңдікті сақтауға баса назар аударады. «Мұрныңды тауып көрсет». Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар.	таныстыру.Шығармалардың эмоциялық мазмұның,әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. **ҰОҚ барысы:** Муз. «Детский марш» П.Чайковский. Муз.амандасу жат: «Салем деймін бәріне!» Шат.шеңбері: «Қайырлы таң!» Муз тыңдау: «Неаполитанская песенка» П.Чайковский. Дау.жат: «Жәй және жылдам» «Бұл үйде кім тұрады» Ән айту: «Ақ көгершін»

				«Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз». **ІІІ. Қорытынды кезең**. «Мұрын үйге қайтады». **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»	
Серуен: Серуеннен оралу	**Серуен №1** **Емдік шөптерді бақылау** ***Мақсаты:*** - Балабақша ауласында өсетін емдік шөптер туралы білімдерін бекіту; **Зерттеу жұмысы:** Өздеріне таныс емдік өсімдікті табу. **Еңбек:** Тәрбиешімен бірге құлаған, сынған, құраған бұталарды жинау Мақсаты: ұжыммен еңбек етуге ынтасын ояту. **Қ/О:** «Қасқыр қақпан» Мақсаты:Балаларды	**Серуен №2** **Күз көрністерін бақылау** **Мақсаты:** Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру**.** **Зерттеу жұмысы** Жапырақтарды, өсімдіктерді, тастарды ұстар көру. Олар қолға тигенде қандай әсер (суық немесе ылғал) береді Неге? (өйткені күн салқын немесе жаңбыр) **Еңбек** Ойын алаңын тазалау Мақсаты:	**Серуен №3** **Тастарды бақылау** **Мақсаты**: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. **Зерттеу жұмысы** Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) **Еңбек**	**Серуен №4** **Жапырақтардың түсуін бақылау** **Мақсаты**: -табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; **Зерттеу жұмысы** Қайың мен шетен т.б. ағаш жапырақтарын табу, олардан асфальтқа өрнек құру.	**Серуен №5** **Гүлзарды бақылау** **Мақсаты**: -Табиғаттың жыл мезгілдеріне қарай өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру; **Зерттеу жұмысы:** Гүлдерді салыстыру (гүлдер дің бір-бірінен айырмашылығы және ұқсастығы қандай). **Еңбек** Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу Мақсаты: піскен,

	ептілікке, жылдамдыққа, аңғарымпаздыққа баулу	-Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; -Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. **Қ/О:** «Ормандағы соқпақтар». Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру. **Жеке жұмыс:**	Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. Мақсаты: -Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; -Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ/О**«Ұшты-ұшты». Мақсаты: — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;	**Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. **Қ/О:** «Түлкі мен қояндар». Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу	піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету. **Қ/О:** «Құстар қалай ұшады?**».** Мақсаты: белгілі бағытқа жүкіруге жаттықтыру
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін балалардың киімдерін ретімен шешіндіру.Балаларды өз-өзіне қызмет етуге үйрету.				
Түскі ас	«Ас-адамның арқауы». Балаларды түскі аспен тамақтандыру.Асты төгіп-шашпай,асықпай ішіп-жеу.				
Ұйқы	Балалардың ұйқысы.				
Ұйқыдан ояту.	**«Ұйқымызды ашайық».**Ұйқыдан тұру.Беті-қолын,мойнын жылы сумен жуу.Көзге арналған гимнастика жүргізу.Қызыл иекке массаж жасау және ауыз қуысын сумен шаю.Нүктелі массаж.Сергіту гимнастикасы.Су жолдармен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас.	Балалардың назарын тағамға аудару.Асымызды асықпай жейміз.				
Вариативтік бөлім		**Вариативтік бөлім** **Тақырыбы:**«Кішкентай математиктер» **Мақсаты:** Балаларды жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес,ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері		**Вариативтік бөлім** «Мен елімді сүйемін» **Тақырыбы:** «Тіл мен ұлт». **Мақсаты:** Балаларға адам өміріндегі туған тілі мен ұлтының маңызы туралы түсінік беру.	

		бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру. Нешеу болып сайрайды? Бес алманың екеуін, Досың сұрап алады. Айтшы сонда нешеуі Өз қолыңда қалады.? д/о:Уақытты бағдарлау 1)Ұйқымыздан тұрамыз, Беті қолды жуамыз. Әжемізге ереміз, Бақшамызға келеміз. Бұл қай кезде болады? 2)Біз тәртіпті боламыз, Сабақты да оқимыз. Серуеге шығамыз, Қыдырамыз. Бұл қай мезгілде болады? 2 тапсырма Бос торға жетіспейтін пішінді орналастыр 2-тапсырма Заңдылықтарды бұзбай қатарды жалғастыр Кішкентай математиктерге айналып тапсырмаларды орындадық. Дымбілмес,рахмет сендерге балалар,тапсырмаларды қалай орындау керектігін		Тілін, елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Балалардың сөйлеу мәнерлілігін дамыту. **Ұйымдастыру кезеңі** Балалар шеңберге тұрып, тәрбиеші мен бірге бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді. Ұмытпа ана – тіліңді, Өз тілің өскен өркенің. Ананың берген ақ сүті, Мақтанышың ұлттық – ол сенің! **Мақал-мәтел жаттату** Тіл мәртебесі - ел мәртебесі. Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді. Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді.Сұрақ-жауап арқылы	

		біліп алдым.Мен сендерге тапсырмамды орындағандарың үшін әдемі суретімді қалдырамын. Қош сау болыңдар!		қорытындылау.	
Ойындар, дербес әрекет	**«Сиқырлы суреттер»** Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.	**«Даусынан таны»** Мақсаты: Есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін қалыптастыру дауыстарды ажырата білуге дағдыландыру.	Сюжетті ойын: **«Дәрігер»** Мақсаты: Өз денсаулықтарына ұқыпты қарауға,өзгеге көмек көрсетуге үйрету.Ой-қиялын дамыту.	**«Пирамида жинау»** ойыны Мақсаты: көлеміне қарай жинауға үйрету.Ойлау қабілетін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.	Ойын: **«Көлік тұрағын құрастыр»** Мақсаты: Текшелерден өз қиялдарынан құрастыруды үйрету.Ойлау қабілетін дамыту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс (тақырыбы, мақсаты)	Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету: Хамза, Айару, Дәулет.	Көп», «біреу», «бір-бірден», «бір де біреуі жоқ» түсініктерін үйрету:Жанель,Азамат,Айназ.	Түсі және көлемі бойынша ажыратуға үйрету:Надир,Асланқызы Фатима,Ибрагим.	Заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге үйрету:Арсен,Илхам,Муслима.	Сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету:Арсен,Илхам,Хамза.
Балалардың серуенге дайындығы.Серуенге шығу.					
Серуен. Қимылдық ойындар.	Серуен №5	Серуен №4	Серуен №3	Серуен №2	Серуен №1
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру»	Психолог кеңесі: «Балаңызды қалай еркелетесіз?»сұрағына жауап алу.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелеу.	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы»	«Мен жақсы көретін дәрумендер» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру.

«Ертеңге дейін...».Балалардың үйге қайтуы.

ЖШС **"Жансултан и К" "Бағдаршам"** балабақшасы
«Балдырған» ересек тобы
18 .10- 22.10.2021 жыл аралығына арналған циклограммасы
Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:				
Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б)	**«Сиқырлы қарындаш»** Мақсаты:Балаларды боғыштарды дұрыс бояуға үйрету.Балаларды шығармашылық қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	**Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері».** «Шалқан» Мақсаты: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ,ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету.	**Суретті лото** Мақсаты:Балаларды ойнауға үйрету.Ойлау қабілеттерін дамыту.Ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	**«Құыршақтарға үй құрастырамыз»** Мақсаты:Балалардың жан-жақты болуға үйрету.Баланың байқампаздығы мен тілін дамыту.Еңбекке тәрбиелеу.	**«Суреттегі домино»** Мақсаты:Балаларды суретерге қарап домино құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі гимнастика 5мин	**Жаттығулар кешені : қазан айы III-апта** **Жаттығулар кешені : қазан айы III-апта** **I.Ұйымдастыру бөлімі** Сапта жүру, жеңіл жүгіру. Тізелерін жоғары көтеріп жүру.Қатарға тұру. **II. Жалпы дамыту жаттығулар** 1. Б.қ: «Жалаушалар алда » Қолдарын алға созып түсіру (6рет) 2. Б.қ: «Алға еңкею» Оңға(солға) қисайып ,б.қ. келеді. (3 рет қайталау) 3.Б.қ:«Отырыптұру»Отыру,тұру(5ретқайталау.) 4.Б.қ: «Жалаушалар жанымызда» Жалаушаларды жанына көтеріп түсіру (5-рет) **III.Қорытынды бөлім**				

	Қатардан сапқа тұру.Жеңіл жүгіру.Жай жүру.				
Таңғы ас	Ойын-жаттығуы: Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз. Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз.				
Ойындар. (ҰОҚ) дайындық.	**Дид.ойын: «Тәулік бөліктерін ата»** Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту,тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	**Дид.ойын: «Дала құстарын ата»** Мақсаты: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. Құстарды аялауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу.	**Дид.ойын: «Тазалықтың достарын ата»** Мақсаты: тазалық бұйымдарын атау. Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету.	**Дидактикалық ойын:** «Ретімен,кері сана» Мақсаты: Сандарды ретімен,кері санауға үйрету.Балалардың ой-өрісін дамыту.Ептілікке тәрбиелеу.	**Дид.ойын: «Мамандықтарды ата»** Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
	1.Білім беру саласы: Таным **Білім беру саласы бөлімі:**Құрастыру **Тақырыбы:** «Қанқыз» (бөтелкенің қақпағынан). **Мақсаты**: қалдық заттардан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, қалдық	**1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласының бөлімі:** Жаратылыстану **Тақырыбы:** «Алтын жапырақ төккен күз» **Мақсаты:**Күз мезгіліндегі табиғат	**1.Білім беру саласы:** Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Көркем әдебиет. **Тақырыбы**: «Ойдан шыққан әңгіме» **Мақсаты:** Балаларды қиялы арқылы ойдан	**1.Білім беру саласы**: Қатынас **Білім беру саласы бөлімі:** Сөйлеуді дамыту **Тақырыбы:** Қуыршақ Әйгерімнің туған күні (Шығармашылық жұмысқа баулу:	**1.Білім беру саласы:**Таным **Білім беру саласы бөлімі:** Математика негіздері **Тақырыбы**: 2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа – ұзын. Жақын –алыс. **Мақсаты:** 2

	заттарды сапасына, көлеміне қарай пайдалана білуге үйрету; түрлі заттар жасауға баулу, жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Міндеттері: - қалдық заттарды қолдана отырып қанқыз қоңызын жасау жолдарын үйрету; - жәндіктер туралы білімдерін толықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту; -жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Ұйымдастыру кезеңі.** **Шаттық шеңбері:** Қуан шаттан, алақай! Қуанатын келді күн, Қайырлы таң! Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін. Сәлеметсіз бе, есенсіз бе, амансыз ба! Бәріміз күндей жарқырайық, Бәріміз тату болайық. **Дид ойын:** «Жәндіктерді ата» Қаңқыздың бізге тигізетін зияны жоқ, оны қолға ұстасақ өрмелеп жүреді, қанаттарын жайып ұшады. Үлгі суретті көрсетіп,	құбылыстарын (жапырақтардың түсуі) бақылау, бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне түсіре білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтарын ояту. Достық қарым-қатынастарын, табиғатқа деген қамқор көзқарасын тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Сары жапырақтар жауғанда** Күзде жауын. Бұлт. Тұман, Сары жапырақ жауады: Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны. Тапталады табанға Судыр-судыр жапырақ. Қызыл, сары бояуға Малынғандай атырап. Мұзафар Әлімбаев. **Жұмбақ жасыру:** Ағаш толған сары шымшық, Сілкіп көрсең, түседі ұшып. (Жапырақ) Ешкім де жемейді, Тәтті екен демейді. Сарғайып піседі, Үзіліп түседі. (Жапырақ)	әңгіме құрауға, тілдерін дамытуға өз ойларын жеткізе білуге тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** **Жылулық шеңбері:** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! -Балалар,бүгінгі оқу қызметі өте ерекше және де қызықты түрде өтеді.Себебі бүгінгі тақырып-«Ойдан шыққан әңгіме» -Балалар,ойдан әңгіме құрастыруды қалай түсінесіңдер?Мысалы, бүгін әрбір бала өз ойын,не қиялдап отырғаны жайлы әңгіме құрайды.Ілінген тақта суреттеріне қарап құрауға да болады. Әрбір баланың ойдан шыққан әңгімесін сұрақ-жауап арқылы сұрап білу.Ойдан бір ертегіні құрастыру.Балалардың ойын,тілін дамыту. **Сергіту сәті:** Гүлдер,гүлдер,шоқ гүлдер, Қызыл,жасыл,көп гүлдер.	әңгіме құрау) **Мақсаты:** Туған күн де мереке түріне жататындығын түсіндіру. Міндеттері: а) Балаларға әңгіме құрауды үйрету, әңгіме құрауды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. ә)Ойыншықтар туралы әңгімелеу; өз ойларын еркін қарым-қатынас жасау арқылы дамыту. б) Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.Эстетикалық талғамын арттыру. **ҰОҚ барысы:** **Ұйымдастыру кезеңі** **Ғажайып сәт:** Тобымызға қуыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды. Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады. – Балалар, бұл не? Кәне, «Қуыршақ» сөзін қайталаймыз. – Балалар бұл қуыршақтың есімі – Әйгерім. **«Қуыршақ» тақпағын жаттату.** Біздерде бар қуыршақ	цифрымен таныстыру; «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру. 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазып үйрену; үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету; үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру; «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; өзара көмек сезімін тәрбиелеу. **Ұйымдастыру кезеңі.** **Шаттық шеңбері** Кел,балалар,күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! **1. Ұйымдастыру кезеңі.** Тәрбиеші өтілген цифрға байланысты жұмбақ жасырады. Басында бар ілмегі, Ортасында тірегі, Толқып қанша жүзсе

	тәрбиеші «қанқыз» қоңызы туралы әңгімелеп береді. Балалар үлгіні қарап көреді және оны қалдық материалдан жасап көреміз деп, балаларға бағыт береді. Балалар үлгіні қарап көреді. Қанқызды жасау үшін бөтелкенің қақпақтары керек болады. Пішіндері домалақ қақпақты аламыз, оның үстіне түрлі түсті бояумен дене бөліктерін жасаймыз: қанаты, басы, көзі т.б. Үлкен қақпақ – қанқыздың денесі, ал басын ермексаздан жасаймыз. Ермексазды пайдалана отырып басы мен денесін біріктіріп, ермексаздан аяғын жасаймыз. Қара түсті гуашь бояумен ортасынан түзу сызық сызып, оны сәл толықтырып қанаттарын жасап, қара дақтар түсіреміз. **Сергіту сәті:** Ал, балалар, тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Жел сияқты қалықтап, Оңға қарай иіліп,	Қыста киімін тастайды, Көктемде киіне бастайды. (Ағаш) Ағайынды бәрі: Шықса – көк, Түссе – сары. (Жапырақтар) Тәрбиеші суретшілерге де күздің ұнайтынын хабарлайды, олар орман, көкөністер мен жемістер, саңырауқұлақтар, гүл шоқтары – күздің басқа да ғажайыптарын суреттерінде бейнелегенді жақсы көреді. Неліктен суретшілер бұл жыл мезгілін «алтын күз» деп атайды? Алтын күзді жарқыраған ашық күндері, алтын және қызыл күрең түске малынған әсемдігі үшін жақсы көреді. Суретші қай жыл мезгілін суреттеген? Ағаштардың түсі қандай? Жапырақтарға	Тұра берші жайқалып, Тұра берші нұрланып. Күзгі бақ суреті бойынша әңгіме құрастыр және әңгімелеп бер. Қорытындылау. Ойларын тиянақты айтқан балаларды мадақтау,еңбектерін бағалау. **2. Білім беру саласы:** Шығармашылық **Білім беру саласының бөлімі:** Жапсыру **Тақырыбы:** **«**Шалғындағы саңырауқұлақтар» **Мақсаты:** Қоршаған орта жіне саңырауқұлақтар туралы білімдерін кеңейту, жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.Тіктөртбұрыштан дөңгелек қию тәсілін және жабыстыру ережесін беткі жағына желім жағып, суретті басып жабыстыру, қылқаламға аздап желім жағып алып,	Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. (Н.Әлімқұлов) **Сұрақтарға жауап алу.** – Балалар «Қуыршақ» неге жатады? Ыдыс-аяққа ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жата ма? Әлде ойыншықтарға ма? (Қуыршақ ойыншыққа жатады). – Сендердің үйлеріңде қандай ойыншықтар бар? (Әр бала өз ойыншықтарын атап өтеді). **Дидактикалық ойын:** «Ойыншықты тап». Ойын мақсаты: ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Шарты: тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек	де, Тұрады екінші үнемі. (2) Балалар қай цифр екенін табады. 3-тапсырма. Тәрбиеші балалардан көп цифрлардың арасынан тек 2 цифрын ғана қоршап сызуды тапсырады. **Сергіту сәті:** Тәрбиеші өз қалауынша ұйымдастырады. «Кім бірінші?» Бұл тапсырманы орындау үшін ұзындықтары әртүрлі екі лента қажет болады (1 метр және 1,5 метр). Тәрбиеші екі баланы тақтаға шақырып алып, оларға бір-бір лентадан ұстатады және лентаны қолдарына орауын сұрайды. Бір баланың қолындағы лентаның қысқа (көрсету керек), екіншісінің қолындағы ұзын (көрсету керек) екендігін еске салады. Ол балалардан сұрайды: –Лентаның бірі

	Солға қарай иіліп, Біз тынығып алайық. Балалар жұмыстарын қарап, қанқыздың дене бөліктерінің дұрыс жасалғанын қадағалайды, жақсы жасалған жұмыстарды мадақтайды. Балалар өздері жасаған жұмыстарын салыстырып, жақсы жұмысты таңдайды Қорытындылау. **2.Білім беру саласы**:Денсаулық **Білім беру саласының бөлімі:**Дене шынықтыру **Тақырыбы:** «Қоянға сауығып кетуге көмектесейік» **Мақсаты:** жоғары қарай секіру және төрттағандап еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік	не болды? Жапырақтарды зерттейді. Әр ағаштың өз жапырағы бар екенін айтады: әр ағаштың жапырағының беті әртүрлі – қайыңдікі – қатпарлы, бұжыр, ал үйеңкінікі – тегіс. Олардың пішіні, түсі, өлшемі әртүрлі. **Сергіту сәті:** Күз желі ызғарлы, Гүлдерді солдырды. Жапырағын түсіріп, Ағаштарды тоңдырды. «Жапырақ» (қимылмен көрсетеді) Тақ-тақ-тақ, Біз айтамыз тақпақ. Рақ-рақ-рақ, Күзде түсер жапырақ. Қол-қол-қол, Күзде егін мол. Тоқ-тоқ-тоқ, Шыбын-шіркей жоқ. **Дид ойын:**«Қай ағаштың жапырағы?» Шеберханаға барып балаларға қарындашпен жапырақтардың суретін салуға ұсыну. Қорытындылау. **Білім беру саласы**:Шығармашылық	қағаздың үстінен жабыстырманы алақанымен басу. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. **ҰОҚ барысы:** Қол ұстасып тұрайық, Шаттық шеңбер құрайық, Мен Отанды сүйемін, Сен де Отанды сүйесің! Мен анамды сүйемін, Сен де анаңды сүйесің! Мен әкемді сүйемін, Сен де әкеңді сүйесің! Көтеріп бір көңілді, Шаттықпенен күлейік, Дос, бауыр боп бәріміз, Тату-тәтті жүрейік. **Дид ойын:** «Саңырауқұлақтарды ата» Тәрбиеші балаларды орманға серуендеуге шақырады. Орманға баражатқан кезде балалар күз мезгілін сипаттайды. **Жұмбақ жасыру:** Қарашы,маңызды жан,Ақ аяқ,Қызыл қалпақ. Қалпағында ақ бұршақ.	тілейсіңдер. Мысалы, балалар алдымен көздерін жұмады, қойылған ойыншықтар ішінен педагог біреуін жасырып қояды. Қандай ойыншық жоқ? (Мысалы: Аю ойыншығы жоқ, оның қалған ойыншықтарға қарағанда, пішіні үлкен, түсі қоңыр. Аю – жұмсақ ойыншық. Мен оны ұқыпты таза ұстап ойнаймын. т.б.) – Ойыншық жасалынуына қарай жұмсақ па, қатты ма, әлде созылмалы ма?Ал сол ойыншыққа қандай мейірімді сөз айтасың? – Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерімнің туған күні екен. – Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді? – Әйгерімнің туған күнін қалай жақсы, көңілді өткізуге болады. – Кәне, шағын әңгіме құрайық. **Әңгіме құрау:** «Қуыршақ Әйгерімнің	неліктен тез оралды? *«Түрлі түсті таспалар» дидактикалық ойыны (беттестіріп қою тәсілі).* Балалар ені әртүрлі таспалар салынған хатқалтаны алады. Тәрбиеші оларға осы таспаларды бір-бірінің үстіне беттестіріп қою арқылы ені бойынша салыстыруды тапсырады. 4-тапсырма. Дөңгелекті зерттейді: – Кәне, дөңгелектің неше бұрышы мен қабырғасы барын тексерейік. Мынадай қорытынды шығарады: Дөңгелектің бұрышы мен қабырғасы жоқ. – Айналамызда қандай заттар дөңгелекке ұқсайды? Тәрбиеші балаларға дөңгелектің ең үлкенін жасыл қарындашпен, кішісін көкпен, ал ең кішкентайын қызыл түспен бояуды тапсырады. Балаларға сұрақ қояды:

